

ТҮРІКТАНУ КІТАПХАНАСЫ

ҚҰЛБЕК ЕРГӨБЕК

ТҮРІКСТАН


ЖИНАҒЫ



Құлбек Ергөбек

ТҮРІКСТАН ЖИНАҒЫ

I кітап



Қ.А. Ясауи атындағы
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
КІТАПХАНА
Түркістан қаласы

3285

Тұран 2010

-449765-

УДК 94 (100-87)

ББК 63.3 (4/8)

Е 65

Ергөбек Қ.

Е 65 ХҚТУ, «Тұран» баспасы. Түркістан, 2010 ж. – 400 - б.

ISBN 978-601-243-145-2

Көрнекті әдебиет сыншысы, ғалым Құлбек Ергөбектің «Түрікстан жинағы» аталатын кезекті еңбегі – күллі түрік халықтары тарихы, тілі, әдебиеті дегендей тұтас тағдырын әр қырынан қозғайтын, кезең-кезеңде жазылған әралуан жанр үлгілерінен бас құраған мақалалар жинағы.

Алғы күндерге желі тарататын бағдарлы еңбектің алғашқы кітабы түрік дүниесін тұтас барлап, тіл құнары, стиль сұлулығымен ерекшеленеді.

Кітап түріктанушыларға, түрік халықтары тағдыры толғандырар қалың оқырманға арналған.

УДК 94 (100-87)

ББК 63.3 (4/8)

Құрастырған, түсініктерін жазған: Роза Жаздықбаева

Редакторы: Жанар Сәрсен

Корректоры: Роза Жаздықбаева

Түркістаннан Түрікстанға!

«Түрікстан жинағына» алғысөз

Менің Түркістандық болғаным да бірнеше жылдың жүзі.

Ататүрік аманат еткен бір сөз бар. Ол: «Россия империясына қарайтын біздің көп бауырларымыз бар. Ерте ме, кеш пе, СССР империясы тарайды. Коммунистік режим күйрейді. Дүние бір орында тұра бермейді. Сол кезде біздің бауырларымыз бостандыққа шығады, өздерінің тәуелсіздігін алады. Біз сол кезде бауырларымызға жәрдем беруге дайын болуымыз керек!»-деген сөз. Ресейдегі түрік ұлт-ұлыстары тәуелсіздік ала бастаған сәттен біз оларға бауырмал жүрегімізді аштық. Не жәрдем керек көмек көрсетуге даяр жүрдік. Өйткені, империялық жүйеден тәуелсіздікке шыққан ел түн-түнектен жарыққа, жарыққа болғанда да шақырайған күнге шыққанда көзі қарығатын адам сияқты күй кешеді. Тіпті оң-солын да бірден танымауы, тура жолды таңдауы бәрі де қиынға түсуі мүмкін еді. Біз қолымыздан келгенінше жәрдем де бердік. Түркия Республикасында атқарған қызметіме қарай түрік дүниесін көп араладым. Содан да көп кісімен аға-іні, дос-бауыр болдым.

Түркістан атауы біз үшін ерекше қастерлі. 1992 жылдан бастап Түркістанда Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті жұмыс істей бастады. Мен осы жоғары оқу орнының Өкілетті Кеңесінің төрағасы болып біраз жыл істедім. Қызметті бірге істеген соң қазақ ағайындарды тіпті жақыннан білдім. Дос-жараным бұрынғыдан да көп болды. Сол сеніскен азаматтың бірі – Құлбек Ергөбек.

Түркістанда да, Түркияде де Құлбекпен бірсыпыра кездестік. Кездескенде бірге тамашаларымыз – музейлер болады. Мәдениет министрі болған менің жаным музей ісі жақын. Музей – мемлекеттің мәдени өрісі. Құлбек те бұрын музей қызметкері болыпты. Москвада музейдің оқуын оқыпты. Музейлерді тамашалай жүріп экспозиция ізімен күллі түрік халықтарына ортақ - «Түрік қағанатына» дейін қиялдап бірге барып қайтамыз. Бұдан бірнеше жыл бұрын түркия түркологтары «Орхон» тас жазуларының үлкен альбомын шығарған еді. Менің жақсы таныс, сыйласым, үлкен түрколог һәм қайраткер Мырзатай Жолдасбеков «Орхон ескерткіштерінің атласын» жарыққа шығарыпты. Бұл – үлкен жетістік. Бұл – Қазақстанда түркология ғылымының даму үстінде екенін көрсетеді. Түркологияның отаны – Түркістан болуы керек деп есептеймін. Түркістанда түркологиялық жиындар болып тұрады. Түркологиялық конгрес өткізіліп жүр. Халықаралық «Түркология» журналы жүйелі жарық көріп келеді. Оларға бұрын Шәкір достым мұрындық болушы еді. Енді Құлбек ұйымдастырып жүр. Мен соларға қатысқан сайын Түркістан жайында тәтті ойларға берілемін.

Құлбек Түркістанда қазақ түркологы «Бейсембай Кенжебайұлының түркологиялық музейін» жасады. Арнайы барып көрдім, бақыладым. Күллі дүние түркологтарының тарихын жинақтапты. Тамаша музей болады деп ойлаймын. Қызықтым. Қызықтым да, жалма-жан өзімде сақтаулы экспонаттарды музейге сыйладым. «Бізде – Түркияда мұндай түркологиялық музей жоқ»-деймін қуанып. «Мұндай түркологиялық музей Қазақстанда да, өзге түрік елдерінде де жоқ»-дейді Құлбек. – Тек Түркістанда бар!» Онысы дұрыс. Түркологиялық музей Түркістанға жарасады.

Құлбек соңғы кезде «Түрік халықтары кітапханасын» ашамын деп жүр. Кітапхананы өзінің өмір бойы жинаған кітап қорымен ашпақшы. Тамаша ой. Үйіне барып кітапханасын көрдім. 1873 жылы Санкт-Петербургте басылған «Түркістан хайуанаттары» аталатын алтын жазулы, көнмен қапталған кітабы бар екен. Тап осындай «Шайбани-нама» көзіме оттай басылды. «Гранат», «Брокгауз-Эфрон» энциклопедияларын көріп таң-тамаша қалдым. Өзбек, қырғыз, татар, башқұрт, алтай, ноғай, хакас... дегендей түрлі түрік халықтары тіліндегі кітаптары бар екен. Қ.А.Ясауи атындағы ұлысаралық қазақ-түрік университетінде 29 түріктік ұлт, ұлыстардың балалары білім алуда. Егер, «Түрік халықтары кітапханасы» ашыла қалса – солар келіп оқиды. Құлбекке ағалық алғысымды айттым. Өз кітапханамнан түркологияға қатысты кітаптардан бермек болып уәде еттім. Мұндай кітапхана «Түрік ұлт, ұлыстарының» ешқайсысында жоқ, тек Түркістанда бар!» -дейді Құлбек. Шынында қызықты іс. Өзінің үш қабатты үйін ұсынып, өзінің 16 мың кітап қоры бар кітапханасын беріп, осындай күллі түрікке ортақ іс істеу – Құлбек Ергөбектің үлкен адамгершілігі, әрі үлкен ерлігі – деп білемін. Түрік мемлекеттерінің ішіндегі ең жаңашыл Президент Н.Ә.Назарбаев «Түркістан – түрік халықтарының ортақ рухани астанасына айналады» деген. Түркістанда жасалып отырған түркологиялық істердің бәрі Н.Ә.Назарбаевтың айтқан осы ойын жүзеге асыру жолында жасалып жатқан игілікті істер деп ойладым. Қолымыздан келгенінше, Құлбек Ергөбектің бұл мәдени істеріне халықаралық қорлар арқылы көмек беруіміз керек!

Міне, бүгіндері Түркістандамын.

Мен Түркістанға келген сайын Құлбек достым, інім бір жаңалық ойлап тауып қояды. Сәлем бере келіп, әңгіме үстінде өзінің «Түрікстан жинағы» аталатын кітап шығарғысы келетінін айтты. «Түрікстан жинағы» деген кітапты құлағым шалғаны бар еді. «Сондай жинақ па?»-деп сұрадым. «Жоқ. Бұл басқа. Ол «Түрікстан жинағы». Орыс генерал-губернаторы шығарған. Ал,

менің шығаратыным «Түрікстан жинағы». Жинақ – менің түрік халықтары әдебиеті, өнері, тарихы, этнографиясы жайында өзімнің жазған мақала, зерттеулерімнен тұрады»-дейді. «Сонда ол «Түркістан» емес пе?- деймін. Ол: «Түркістан» емес, «Түрікстан»-дейді. Мен түсіндім. Құлбек «Түркістаннан» бір кездегі айдынды «Түрікстанға» сапар шекпек. Құшағы кең дүние екен!

Күллі түрік дүниесінің руханиятын құшағына сыйғыза сөйлеуге біздің досымыздың дайындығы жетеді, білімі көтереді. Жолы ақ, кедергісі жоқ болсын!

Намық Кемал Зейбек,

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың
Бейбітшілік пен татулық
сыйлығының иегері.

ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН

“Егемен Қазақстан” газетін ашып оқып отырмын. Түрік дүниесіне кен танылған кемел десе кемел қайраткер Намық Кемал Зейбектің **“Біздің де Жұмхұрбашканымыз”** аталатын мақаласына көзім түсті. Түрікше берілген мәтінді қазақшаласақ **“Біздің де Елбасымыз”** болып шығады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев таяуда іс-сапармен Түркияға баруына орай бауырлас елдің **“Қош келдіңіз!”** деген сөзі, үлкен ілтипаты! Бір сүйсінерлігі – мақаланың алдымен Түркияның **“Радикал”** (02.10.2007) газетінде жарияланғаны. Біздің Елбасын – кезінде Т.Өзалдай Президенттің көмекшісі, С.Демирельдей Президенттің кеңесшісі, Мәдениет министрі, Мемлекеттік министрі қызметтерін атқарған түркиялық қайраткер азамат **“Біздің де Елбасымыз”** деп жаһанға жар сала жазып жатса, қалай мерейленбейсің?! Заматында тауып алып тәржімалап, жариялай қойған **“Егемендік”** қаламдастарға дән риза болдым. Мақаланы оқып отырып төбем көкке екі елі жетпей тұрды...

Оның үстіне қазақтың қуаныш, қайғысына бір кісідей қатысып жүретін, Елбасы ынтасымен ашылған Қазақстандағы тұңғыш халықаралық оқу орны – Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің аяқтануына аянбай атсалысқан, көзім жұмыла кетсе, мені Түркістанға қойындар деп қатын, баласына аманат хатын күні бұрын хаттап қойған Намық Кемал Зейбектей азаматтың небір алқалы жиындарда **“Түрік халықтарының ендігі – Ататүрігі – Біздің Нұрсұлтан ағамыз”** деп айтып салып, қасқайып қарап тұратыны тағы бар.

Түркістанда он бес жыл қызметтес болған біз білетін Намық несие сөздің кісісі емес. Атамаңыз. Қулық сақтау, саясат үшін сөйлеу оған атымен жат. Күллі түрік халықтарының басын қалай біріктіреміз деген утопияға бергісіз аяулы ой, асқақ арман жетегінде жүретін романтик-қайраткердің бары – нары, сөзі - өзі!

Оның еркіне салса, оның ырқында болса, дүние-ғаламдағы тарыдай шашырап жүрген екі жүз миллион түрік жұрағатын бір жерге жинап, бәріне ортақ бір ғана Президент сайласа, шіркін! Ол – Жұмхұрбашқан біздің Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев!

Тәтті арман!

Тыңдайсың – сүйсінесің. Сүйсініп тыңдап, түрік дүниесі – бір болуы керектігін түйсінесің!

Арман – арманымен, ал түрік елдері экономикалық, мәдени, рухани ынтымақта болуы, өзара ықпалдаса дамуы бүгін – барынша актуальды. Ол интеграциялық құбылысты теориялық жағынан негіздеу керек болса, Н.Ә.Назарбаевтың мына пікіріне ден қойыңыз: **“Тарихтың алға қойып отырған өктем талабы әрбір түрік еліне әртүрлі салада саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық тәсілдермен бірігу проблемасын шешудің бәріне бірдей тең институттық тетіктерін жатпай-тұрмай іздестіруді міндеттейді”** (Тарих толқынында. 125 б).

Бұл әрине тарихи тамырластықты жаһандану тұсында өзара сабақтастырып, өзара ықпалдастыққа ұластыру талабы.

Осыдан келіп Елбасы және Түркістан жайында толғанайын.

Елбасы Түркістанға келген сайын елге ұғындырар бір мәселе – **Түркістан тарихына адалдық.**

Елбасы ұғымында Түркістан тарихы – күллі түрік халықтары тарихымен тамырласып жатқан алтын қайнар.

“Түркістан ендікпен өлшегенде де, бойлықпен өлшегенде де жер шарының кіндік тұсына орналасқан”- дейді Елбасы.

Расында, Түркістан ұғымы – ауыл мен қала арасындағы өзіміз аялай қарайтын аядай шахарымызбен шектеліп қалмасы хақ. Ол ұлы ойпатты алып Қытай қорғанынан Дунай етегіне дейін керіліп жатқан кең алқап, бөрілі байрақты, байтақ ел. Талай көшпелі өмірді, талай кентті тіршілікті көрген, сан мәрте сұқ көз қадалған, жау сан мәрте жүрегін жаралаған, ерлікпен қайтарып алып ұрпағы саялаған ұлы өлке, тұтас өңір!

Түркістан V-VIII ғасырларда құрылып даңқы дәуірлеп жайнаған, соңынан жаман көздің сұғы қадалып, жаудың оғы жайпаған атақты **“Түрік қағанатының”** түймедей көзі!

Түркістан –

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,

Тұранда ер түрігім туып өскен –

деп ұлы Мағжан ақын жырлағандай тарихта тұрлаулы аты қалған – алып Тұран ойпатының тебендей тәбәрігі!

Түркістан екі дүние есігі ғой,

Түркістан ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған,

Түріктің тәңір берген несібі ғой –

деп тағы да сол бір шандоз ақын айтқандай, Түркістан түрік баласы өсіп-өнген дала-бесік!

Ал, өзіміз қадірлей қарап, ардақтай тәулететін Түркістан – **“Түрік қағанаты”** аталатын ұлы империя, ғажайып өркениеттен қалған, ұрпағынан жәрдем күтіп жәутендеген титімдей жәдігерлік! **“Түрік қағанатының”** Бас қаласы.

Оғыз ұлысынан тарай тұра **“Түрік”** атын алып, аман сақтаған Анадолы (Ана төлі) түріктері секілді, **“Көп түрік енші алып тарасқанда, қазақта қалған қара шаңырақ...”** (М.Жұмабайұлы) – **Түркістан!**

Қазақ хандығының қара шаңырағы – Түркістан – қазақ мемлекеттігі астанасы!

“Он алтыншы ғасырдың соңына қарай қазақ астанасы Түркістан қаласына келіп біржолата бекінді”- дейді Н.Ә.Назарбаев.

Алайда, Түркістанды астана ретінде дін-аман сақтау – қазақ хандарына оңай болған жоқ. Жоңғар шапқыншылығы Түркістанға дамылсыз қауіп төндіріп отырды. Жаудың көздегені, жебенің көзегені – Түркістан болды. Қазақ жоңғарды жеңсе – арқасында тыл болып Түркістан тұрды, зәуіде

шегінсе – арқа тіреп, әруаққа сыйынып, күш алар киесі тағы да Түркістан болды.

Осы мінезімен, тағдыр талайымен Түркістан – жайшылықта халқымызға ана болған, жаугершілікте пана болған, “Алты Алашқа Кебе болған” (Мағжан) Баба қала!

“Түркістан – қазақ халқының ұлттық мемлекеттігін дүниеге әкелген алтын бесік, әрі оны кемелдендірген өнегелі мектеп” – деп түйеді Н.Ә.Назарбаев!

Бұлардың түрік еді арғы заты,
Жаһанда бітіреткен салтанаты.
Бұл күнде азып-тозып күлкі болған,
Бұлар да сол түріктің жұрағаты –

деп жыр сұлтаны – Сұлтанмахмұт жырлағандай, ойлауға қорқатын озбырлықтан XX ғасырға арып- ашып, жадап-жүдеп “киргиз” аталып жеткен қазақ халқы – ұлы Түріктің бір баласы. Түрік атына ие бола алмағанымен, түріктің кіндік қаласы – Түркістанға ие болып қалуы – Алла-тағаланың қазаққа бұйыртқан несібі!

“Түрік кіндігі (орталығы) – Түркістан” (В.Бартольд), “түрік тілінің мұрагері – қазақ тілі” (В.Радлов) аталатын себебі міне осыдан! Анадолылық ағайындардан тартып күллі түрік тектес, тілдес ұлт-ұлыстардың Түркістанды “Атажұрт” атайтын себебі де осында!

Түркістан күллі түрік жұртын әлдилеген дала- бесік.

Дала бесігін ардақтамас кім бар адамзат баласында?! Өсем, өнем, өркен жаям деген ұлт өзінің тарихи тамыры, бастау алған рухани қайнарын ешқашан ұмытпайды. Санасында тарихи сапа жоқ, тарихи жады жадау тасжүрек пенде болмаса әрбір саналы адам күллі өсіп-өнуінің түп Анасына айналған – дана бесігін неге ұмытсын?!

Түркістанды ұмыттырмақ болып имансыз империя талай-талай тәубасыз әрекетке барып бақты. Түркістан ұмытылған жоқ бірақ. Тарих соқпа-соқпасында көмескі тартып барып, мемлекетке бас болған айтулы тұлғаларының арқасында бойын қайта тіктеп алып отырды. Кәрі тарихқа үнілсек, “Бастыны – иілдірген, тізеліні бүгілдірген. Түрік болмағы үшін”- дейтін күн перзенті – ғұн перзенті Күлтегіннен бері де Түркістанның кезең-кезеңде қайта түлеуі атақты Есім хан, Абылайхан есімдерімен тығыз байланысты.

Ал, бүгін ше?

Тәуелсіздік алған бүгінгі Түркістанның түлеуі – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа байланысты.

Тоқсаныншы жылдардан бастап Түркістанға қоныс аударып, арнайы кітап жазу мақсатында түртінектеп жүрген біздің жадымыз алдамаса Елбасы Түркістанға бақандай 10 рет іс-сапармен келіпті.

1992, 1993, 1995, 1997, 1998, 2000, 2002 дегендей болып түзіледі бұл шежіре. Елбасы кей жылы екі мәрте ат басын бұрғанын ескерсек ұзын-ырғасы он реттік түзілім шыға келеді.

Елбасының 1992 жылғы сапарында Өзбекстан Президенті Ислам Каримовпен кездесіп, ол тарихқа “Түркістан меморандумы” болып енді. Қарымды қаламгер Шерхан Мұртаза Түркістанға бетбұрыс басталды деп алақайлап жазды “Егемен Қазақстан” газетінің бір бетін алып.

Расында “Түркістан меморандумынан” күткеніміз көп-ті. Елбасының бұдан былай түрік халықтары басшыларымен киелі Түркістанда кездесіп тұратын боламыз – деген үні құлақта, құлақта емес-ау жүрегімізде!

Елбасы Түркістанға бірде Қазақстан тәуелсіздігін жариялану бойында таныған бауырлас Түркия Республикасының сол кезгі президенті – Тұрғыт Өзалмен, келесіде Сүлеймен Демирельмен жарасып бірге келді.

Елбасы пәрменімен Түркістан 1500 жылдық тойына дайындалды. Елбасы қатысуымен той өтті.

Дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайы өтті, діни конфессиялар бас қосуы болды...

Түркістанда өтер ресми іс-шаралар, одан туындайтын игі істер шүкір жалғасып жатыр.

Осының бәрі Түркістан тарихына адалдық. Түркістанды тарихи тұрғыдан түлетіп, өзінің тарихи биігіне қайта көтеру амал-айлалары, содан туындап жатқан ілкімді іс-шаралары!

Орайында Елбасы тапсырмасымен жүзеге асқан бір тарихи істі атап өту – парыз. Ол халықаралық өреде тойланған Түркістанның 1500 жылдық мерейтойы.

Бұл мерейтой да Елбасының ұлт тарихына адалдығынан туындап жатады. Әрине, Елбасы Түркістанды әуелі қазақ халқының бірыңғай көшпелі тіршілік кешпей, отырықшы болып, кентті тұрмыс жасағанына, ғылым, білімді өрістеткен өркениет кепілі, төл рухани орталығы ретінде қарайды. **“Әрбір халық, әрбір тәуелсіз мемлекет өзінің рухани орталығын нақытылап алуы керек. Қазақстанның рухани орталығы – Түркістан”**- деген бағасы осындай ойға жетелейді.

Сонымен бірге Елбасы Түркістанды түрік халықтарымен тарихи тамыры бір екенін айғақтайтын **“Түрік дүниесі рухани орталығы”** ретінде кең қарап, кемел бағалаудан танған емес.

Тарихи танымы кемел Елбасы Түркістан тойын – Түркістанның тарихи теңдігін әперу, түрік дүниесінде алар орнын айқындау әктісі ретінде қарады. Елбасы сөйлеген сөздеріне зейін қояр кісі Түркістан тойын әуел баста дара тойламай, Түрік қағанатының 1450 жылдығымен қос қатар атап өтуді ойлағанына көз жеткізер еді. Оны 1996 жылы Қазақстан, Әзірбайжан, Түркия, Қырғызстан, Түркменстан, Өзбекстан Президенттерінің Ташкент кездесуінде сөйлеген сөзінен де аңғарамыз. Онда Елбасы Түркістанның 1500 жылдық тойы мен Түрік қағанатының 1450 жылдығын түрік тілдес мемлекеттер біріге отырып, ортақ тойлайық деген ұсыныс айтқан еді.

Қазақстан Министрлер кабинеті Түркістанның 1500 жылдық мерейтойын тойлау жөнінде 1996 жылы қаулы қабылдауына қарамастан Түркістан тойы айтылып-айтылып, басылып бәсеңсіп аяқсып қала беретін.

1999 жылдың жазында Елбасы Оңтүстік Қазақстан облысына әкім етіп Бердібек Сапарбаевты тағайындады.

Елбасы тапсырмасын халыққа қалтқысыз жеткізетін, жеткізетін де халықпен бірге белуардан бейнет кешіп қапысыз жүзеге асыратын Бердібек Сапарбаев Түркістан тойын шұғыл қолға алды. Түркістан тойына дайындалмағанымыз – Елбасы тапсырмасын орындамағанымыз. Түркістан тойы - елдігімізге сын. Енді, Елбасы тапсырмасын бетке алып Түркістанды тойға дайындайық. Сөйтіп, ұятымызды жуайық. Түркістан тойы – елдік тойы-деді Б.Сапарбаев. Жарғақ құлағы жастыққа тимей іске кірісті.

Ел экономикасының әлсіздеу тұсында тойланған сол тойға дайындық қызу жүріп кеп берді. Облыс әкімі Б.М.Сапарбаев екі күннің бірінде қызметтен соң кештетіп Түркістанға аттанып бара жатар еді. Қала әкімі, қала халқы... бірде-бірі осы ұлан-асыр той дайындығынан қаға-беріс қалған жоқ. Бұхара халықтың жұдырықтай жұмыла еңбектенуінің нәтижесінде көне қала кеудесін көтерді. Ақшандақ тарихи шаһарда ақшанқан ғимараттар көтерілді. Көптің көңіліне сенім ұялады.

О, сол тұстағы оянған отаншылдық рухты көрсеңіз. Бұрын көшеден бұрау тапса үйіне тартатын тұрғындар енді үйінен тапқанын алып шығып барын аямай ортаға тастайтын әдет тапты. Түркістан тойы аса бір жоғары нотадағы Отаншылдық той болды. Түркістан – Түркістан болғалы өңі түгілі түсіне кірмеген қыруар жұмыс жасалды. Сырттай да, іштей де айтылып-айтылмай жұртты жігерлендірген ұран – **“Түркістан тойы Елбасы назарында!”** Қатардағы қарапайым еңбек адамынан облыс басшысына дейін осындай отаншыл бейілмен жұмыс істеді.

Тойға дайындықты бақылау үшін мемлекеттік инспекторлар келіп кетіп жүрді. Тойға дайындықты бақылау, кеңес беру үшін Мемлекеттік хатшы, Премьер Министр, спикер... келіп жатты, жанқиярлықпен жасалған жұмысты көріп бағасын беріп жатты. Ағымдағы баспасөз бәрі-бәрін шежірелеп жазып жатты.

Ақырында, тойға дайындықты өз көзімен көру, барша жасалған жұмыстың бағасын беру үшін Ташкент саммитінен соң 2000 жылы 21 сәуір күні Оңтүстік Қазақстанға келді. Өзі ұдайы назарда ұстап келген “Сырдария көпірінің”, қазақ артегі – “Тау самалы” лагерінің тұсауын кесті. 22 сәуір күні Түркістанға өтті. Жалған сөзге көңілі сенбегенін, жасалған жұмысқа көңілі толғанын айтты Елбасы!

Сонымен той өтер күн де келіп жетті. Ол 2000 жылы 20-21 қазан күндері.

Елбасы тікұшақпен ерекше көңіл-күймен ұшып келді.

Түркістан тойына Түркия Республикасының сол кезгі президенті Ахмет Недждет Сезер, ЮНЕСКО бас директоры орынбасары Диен, өзге де түрік дүниесі биік лауазым иелері келген еді. Олар Н.Ә.Назарбаевқа ерекше ықыласпен жеңімпаз қолбасшыға қарағандай аса зор ықыласты бейілде болды.

Тұсауын өзі кескен Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Мәдениет сарайында Түркістанның 1500 жылдық тойына

арналған ғылыми-практикалық конференция өтті. Онда Елбасы “Түркістан – ұлттық бостандығымыз бен елдігіміздің ақ ордасы”- аталатын баяндама жасады.

Өз баяндамасында Елбасы Түркістанның түп тарихынан тартып бүгінгіне дейін түп-түгел баяндап, бүгінгі күнінен ертеңге дейінгі өсу-өркендеу жолдарын, өркендетерлік іс-шараларды тайға таңба басқандай айқындап берді.

Елбасы мақсаты – Түркістанды – қазақтың ғана емес, күллі түрік дүниесі рухани орталығына айналдыра түлету болғанын оның сөйлеген сөздері, жасаған баяндамасы, берген тапсырмаларынан айқын аңғаруға болады.

Түркістанды түлету үшін Елбасы ойға алған игі шараның бірі – оны түрік халықтарына ықпалды Білім, Ғылым орталығына айналдыру.

1992 жылы 31 қазанда Түркістан Мемлекеттік университетін Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті етіп қайта құруға екі жақты қол қойылды. Бұл – Қазақстандағы Елбасы ашқан тұңғыш халықаралық оқу орны!

Айтуға оңай болғанымен оқу орнын ашу оңай емес-ті. Өтпелі кезең. Экономика жүдеу. Міне, осындай жағдайда 1993 жылы сәуір айында Елбасы бауырлас Түркия Республикасының сол кезгі Президенті Тұрғыт Өзалмен бірге Түркістанға келді.

Келешекте халықаралық университет ғимараттары салынатын жерге тас қойылды.

Екі ел Елбасылары болашаққа қадамын жаңа бастаған жас халықаралық университеттің “Құрметті профессоры” мантиясын киді.

Қонақ құрметіне домбырамен арнау айтылды.

Кейін Елбасы өзінің “Тарих толқынында” кітабында тебіреніп еске алғандай жарықтық Тұрғыт Өзал көзіне жас алды.

Екі ел Президенті университет ұжымы алдында сөз сөйледі.

Тұрғыт Өзал жас университеттің аяқтануына қаржы қарап, көмек беретінін айтты. Н.Назарбаев әлемдегі Сарбона, Оксфорд секілді әйгілі оқу орындары тарихы, тағлымын алға тарта ағартушы ұжым мен жас өркенді қанаттандырды.

Елбасы 1995 жылы Түркістанға Түркия Республикасы жаңа Президенті Сүлеймен Демирельді бастап келді.

Бұл жолы жаңа оқу ғимаратының тас іргесін екі ел Президенттері қалаған болатын. Сол сапар Елбасы “Түркістан - әлемдегі ғажап түркологиялық орталыққа айналуға тиіс”- деген тезис ұсынды. «Түркістанды – түрік дүниесі рухани орталығына – Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті айналдырады» – деді Елбасы, - «мұнда түрік тілдес елдерден талапкерлер арнайы келіп оқиды, оларға әлемнің әр шалғайынан келіп шынайы оқымыстылар сабақ беретін болады!»

Айтса-айтқандай, алғашқы адымын небәрі 3 факультет 300-ге тарта талапкермен бастаған Қ.А.Ясауи атындағы осы оқу орны бұл күнде 27

мыңнан астам студентке білім беретін, ішінде түркологиялық институты бар, халықаралық Түркологиялық конгресс өткізетін, еларалық “Түркология” журналын тұрақты шығарып тұратын іргелі оқу ордасына айналды.

Елбасы айтқаны айна-қатесіз өмір шындығына айналып келеді.

Орайында айта кетер екі жай бар.

Әуел баста Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті типтес Әзірбайжан-түрік, Қырғызстан-түрік, Түркімен-түрік университеттері қос-қабат ашылады деп жоспарланыпты. Ойға алған. Орындалмаған. Үде барасынан шыққаны – Біздің Президентіміз!

Біздің университет – Елбасының Түркістанды түрік халықтарына ықпалды түркологиялық орталыққа айналдыру жолындағы бір ғана жоба емес екен.

Қазақ сөзін қастерлеген Қалтай аға Мұхаметжанов сөзіне сүйенсек, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті түркологияның туын тігер орталығына айналуы, ол үшін алғы ғасырларға көз жіберіп, үміт арта ашқан аталмыш оқу ордасына жетелі түрколог басшылық жасап университетті қазақ елінің ғана емес, күллі түрік дүниесінің ортақ оқу орнына, ортақ мақтанышына айналдыруы керектігін қадап айтып, бағдар түзіп берген де – Елбасы.

Түркістанды түрік дүниесі рухани орталығына айналдыруда Елбасы қарастырған шара халықаралық университет ашумен де шектелмек емес. Түпкі мақсат – түрік халықтарына ортақ Академия ашу! Елбасының бұл орайдағы асыл арманын есіту үшін Түркия сапарында ресми делегация құрамында болған Қалтай Мұхаметжановтың өзін тыңдап көрейікші:

“Енді әңгімені Қожа Ахмет Яссауи университетіне аударып, қаншама ақша беретіндерін айтып тарихқа беттеді. Айтқандарын зерделей тыңдап, оның әр сөзінің атомдық салмағын іштей өлшеп отырған Нұрсұлтан бас изеп, бәрін мақұлдай келіп:

- Сүлеймен мырза! Сіз бен бізге бір университет аз. Бүкіл түрік әлемін зерттейтін ортақ Академия құруымыз керек. Құдайға шүкір, сіздерде де маман жетеді, көптеген ғылыми мұралар, архивтеріңіз бар. Түркияда арнаулы академия болмаса да, әр саладағы ғылыми қоғамдарыңыз көп шаруа тындырғанын білеміз. Ресейде түркология ғылымының қалыптаса бастағанына екі ғасырдай болды. Арғы тарихымыз жайлы қаншама деректер қытай, араб, парсы жазбаларында барлығы өз алдына, түріктер дегенде қазіргі жапон ынтасын тағы білесіз. Бұл жағынан Қазақстан, Орта Азия оқымыстылары да құр алақан отырған жоқ. Міне, осылардың бәрін әлемге наш етерлік ғылыми орталық болғаны абзал. Сіздерде өткен Фуат Көпрулу тәрізді біздегі Әуезов, Марғұландай қазақ ғұламаларының да еңбектері аз емес. Солардың жолын қуғандар қазір де жеткілікті, - деп бір тоқтады.

- Нұрсұлтан мырза, тамаша ой айттыңыз, мен дайын. Сонда, Сіздіңше, ортақ Академия қай мемлекетте болуы керек? – деген Сүлейменнің ар жағында “Осыны бекер қозғадым ба?” деген ойдың төбесі көрініп қала жаздады.

- Халықтың салмағына қарасақ, Сізде болуы керек, ал тарихтың салмағына қарасақ, бізде болуы керек. Басқаны айтпағанның өзінде, бүкіл түріктің рухани аталары Қорқыт пен Яссауи мазары қазақ жерінде ғой.

Сүлеймен:

- Мұны түрік тектес мемлекеттердің қайсысы болса да мойындайды,-деумен тоқтады.

Екі жақ пәтуаға келді. Академияға үй беруді Нұрсұлтан мойнына алды, өзге жағын Түркия тағы басқа мемлекеттермен келісуге уағдаласты. («Ел мен Елбасы», А, 2003, 28 бет)

Түрік халықтарының Түркістанға ықыласын аудару, Түркістанға байырғы бағын қайтаруда бұдан асқан игі шара бола ма?!

Елбасы алға түсіп, алғы күндерді межелеп айтудайын айтып-ақ келеді. Өттен, іліп алып іске асыруда ілкімділік таныта алмай отырғанымыз-ай.

Бәлкім, келешекте аталмыш университет жанынан ашылып, жемісті жұмыс істеп келе жатқан “Түркология институты” Елбасы межелеген – Түркологиялық Академияға айналар. Еліміздің экономикасы жан-жақты өскен қазіргі таңда осылай ойлауға мүмкіндік бар.

Қазан аузы жоғары!

Елбасы жәдігер қала Түркістанды түлетудің жолын – экономикалық өрістен іздейді. “Алдымен экономика!”- ол кісінің қашанғы девизи. “Ораза- намаз – тоқтықта...” Бұл орайда ойға алған шаруалар шаш етекпен. Кезегімен жүзеге асып келеді.

Түркістанды өркендету – еліміздің экономикалық, мәдени дамуынан тысқары тұрған мәселе емес. Еліміздің экономикасымен қапталдас, мәдени өрісімен қанаттас мәселе!

Алайда, біле-білген кісіге Елбасының Түркістан тарихына ерекше махаббатпен қарайтынын, содан туындатып жәдігер қаланың экономикалық өсуі, мәдени марқайып, рухани орталыққа айналып өркен жаюына айырықшалай ықпал етіп отырғаны хақ.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні:

Түркістанның тарихы жайында терең толғаған Елбасы!

Түркістанның тарихтағы орнын айқындаған Елбасы!

Түркістанның қазақ қоғамындағы орнын межелеген Елбасы!

Түркістанның түрік әлеміндегі тарихи орнын бағамдаған Елбасы!

Қазіргі таңда күллі түрік дүниесінің назарын аударып, көне шаһардың мәдени-экономикалық ахуалын көтеріп, ажарын ашып, базарын кіргізіп, түрік дүниесіне ықпалды түркологиялық рухани орталыққа айналдырудың басында тұрған Елбасы!

Түркістанға жарасымды Президенттік бейіл бар. Тек Президенттік бейілге бізден перзенттік зейін қосылсын деңіз. Президент бастамасына жанашыл рухпен жауап бере білсек, шіркін!

Түркиелік әріптес әңгімесінен соң осындай ой жетегіне ерейін.

Түркістан және сол жәдігер қаланы тәуелсіздік таңсәрісінен бастап түлету қамында түн қатқан – Елбасы жайында шет елдік әріптесіміз шынайы

махаббатпен толғатып жүргенде жетелі ой жетегіне ермей бізге не болыпты, қадымша айтқанда “не жорық!”

- Әлгіндей тәтті арманға қалай тап болып жүрсіз?- деп сұраймыз ғой баяғы, кезінде басшымыз болған түркиялік Намық Кемал Зейбек әріптесімізден.

- Түркістанда!

Тәтті арманға Түркістанда жолығам, көреген түсті Түркістанға келіп түнеген күні көрем. Керек болса, Түркістанның түлеуі де Елбасы еңбегінің арқасы! – дейді ол!

Арқалы ағамыз өсіңкі жасына қарамай, аптығын баса алмай албырттана сөйлейді. Төгіледі келіп, төгіледі. Төгілгенде, дұрыс төгіледі. Сырын айтып, сөгілгенде шын сөгіледі. Асылы, дұрыс айтады.

Ол үшін Түркістаннан қасиетті, Түркістаннан киелі, Түркістаннан асқан жаннат жер жоқ. Өзі айтады. Өзі сенеді. Ол айтады. Сен сенесің. Ол Түркістанды сүйеді. Оның сөзіне елітіп тұрған сен болса болмаса сүйесің Түркістанды! Түркістанмен бірге Елбасын да!..

Түркістан бағы

Ертеде...

Иә, ертеде Түркістанда “Жиһан бақ” аталатын бақ болыпты. Оның ішін атпен жүріп алты күн араласаң о шеті мен бұ шетіне шыға алмайтын болсаң керек. Ханның жүйрік аты арқанын үзіп кетіп, шабармандар “Жиһан бақ” ішінен алты ай іздеп зорға тапқан деседі.

Сырдың бойы сыңсыған орман, Түркістан өңірі толы тұтасқан тоғай болған деседі. Басын көкке көтеріп, тамырын тереңге жіберіп, небір нарқамыстар өсіпті. Небір жыртқыш аңдар жүріпті нарқамыс арасында. Өткен ғасырларда іс-сапармен Түркістан өңіріне тарантаспен саяхаттаған жиһанкездерге Сыр жолбарысы қауіп төндіретін екен. Ұмытпасам, сондай жазбаның бірін талантты тәржіман, қаламгер, әзіз адам Әбілмәжін Жұмабайұлы қазақшаға аударып “Қазақтар” аталатын кітабында бастырды.

Түркістан өңірінде аң-құстың жырттылып-айырыларын Н.А.Северцевтің «Түркістан хайуанаттарын көлбей және тігінен зерттеуі» аталатын Мәскеуде 1873 жылы басылған кітапты оқыған кісінің көзі жетеді. Императордың жаратылыстану, антропология және этнографияға жантартушылар қоғамы арқылы жарық көрген кітап менде сақтаулы.

Тұма-бастауын қарт Қаратаудан алып өзара сырласқандай сылдырай табысып, жамырай жарысып Сырға қарай жөнкіле жөнелетін сан тармақты өзендер болыпты. Ол өзендер де жоқ бұл күнде. Қаратаудың ботагөз бұлақтарының әсем көзі тартылып кеткен. Сол өзендердің бірі Қаратаудан құлап, қаланы қақ жарып, жарықтық Ясауи кесенесін солтүстік шығыс жағынан орай өтіп Сырдарияға қарай сырғып кете барады екен. Бүгінде өзен жоқ, қалада шағын арнасы жатыр күл-қоқысқа толып.

Ертеде аталарымыз “Көкше құрақ, көкше құрақ болған көлге тұрақ” деп жырлаған. Бүгінде көкше құрақ та жоқ, көл де жоқ.

Ну орман, қалың тоғай, нар қамыс, сыңсыған көкше құрақ – қолдан егіліп, бапталған “Жиһан баққа” қосылып, табиғи тамырласып Түркістанға әр берген, сән берген, абат баққа айналдырған. Андыздаған аңыздар, ғажайып әфсаналар содан туады. Содан да Түркістан бауырындағы адамзатқа омырауынан сүт саулаған, қойнауынан құт дарыған қайырлы мекенге айналған.

Бүгінде баяғы “Жиһан бақ” жоқ әрине!

Дегенмен, Түркістанның шығысынан батысына қарай бірсыпыра жерді алып жатқан әдемі бақ бар еді. 1999 жылы Алматыдан келіп қала әкімінің орынбасары болып аз уақыт қызмет істегенде мың болғыр Өмірзақ Әметұлына айтып сол бақты жекешеленуден сақтап қалған едім.

Енді біліп отырмын, сол “Түркістан бағы” сатылып кеткен. Ендігі күні не болар? Барып көрмедім. Тоз-тозы шықпаса не қылсын? Өзекті өртер өкініш көп әрине.

Төс соққылап “Түркістан, Түркістан!” – дей бергенмен жәдігер қала қарадай көркейіп кете қоймайды. Көркейту үшін перзенттік пейіл керек. Сондай перзенттік пейілді Түркістандағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық

қазақ-түрік университетінің 100 га жерді алып жатқан бағын егіп баптаған бағбаннан көрдім. Әңгіме сол бақ, оны бастаушы-баптаушы ботаник ғалым Құлахмет Байжігітов туралы.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті құрылған 1992 жылы Түркістан қаласының төл перзенті академик Иса Омарұлы Байтулин университеттің сол кездегі президенті Мұрат Жұрынұлына ұсыныс айта келеді. Ол ұсыныс Түркістанда ботаникалық бақ ашу туралы. Себебі ол кісі осы өңірді, яғни Сырдария, Қаратау өңірлерінің өсімдіктер дүниесін (флорасын) зерттеп, Түркістан климатының соңғы елу жылда қатты өзгергендігін байқаған болатын.

Сырдарияның Қазақстандағы алып жатқан аумағы 1400 шақырымды құрайды. Бұрын Сырдария тасып, жылға-жылға суға толып, өзеннің суы арнасынан асып, соның салдарынан өзеннің екі жағалауында қалың тоғай қаптаған. Сол тоғай бұл өлкені Қызылқұмның ыстық желінен қорғаған. Кейін мақта шаруашылығы дамығаннан кейін, өзен суын көп жерден бөгеп, пайдаланудың әсерінен судың көлемі азайып кетті. Өңірдің құрғақ тартып, сыңсыған қалың тоғайдың құруына әкелген жағдай осы! Қазір ол тоғайды Сырдария жиегінен ғана кездестіресіз.

Екінші бір жағдай Сыр алқабын құрғақшылықтан сақтайтын қарт Қаратаудан бастау алып ойпаңға қарай жамырай ағатын өзендер болатын. Қарт Қаратау бойынан комбинаттар салынып қорғасын өндіріле бастағалы, ол өзендерді құрайтын сұлу көздер – ғажайып көлдер құрып кетті. Бағзыда көне шаһардың шығыс жағындағы Шошқа көл жылда арнасынан асып-тасып, Түркістанға дейін келетін болған. Қазіргі таңда ол да тартылып кеткен.

Қысқасы, осы сияқты бірнеше себептердің салдарынан климаты өзгерген Түркістан – экологиялық қасіретті өңірге айналып отыр. Кезінде Түркістанда туған, көне қалада педагогикалық училищеде оқыған, Қазақстанның ішін былай қойып, көптеген шетелдерге танымал Иса Омарұлы Байтулин бұл жайларды жақсы біледі. Халықаралық конференция, конгрестерде талай рет қабырғасы қайыса тұрып баяндама жасаған. Келелі ойларын кеңеске салған. Қайтсек даңқты Түркістан уалаяты жерін тұзданудан, шөлейттенуден сақтаймыз? Өзара байланыста өрістейтін, өзара ықпалмен қалыпты күй кешетін Түркістан климатын қалай сақтаймыз? – деп біралуан ой кешетін академик Иса Омарұлы!

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ашылғанда оны Түркістанға жетелей жөнелген – туған жер табиғатына қайтсек болысамыз деген жанды жегідей жеген жайтаптырмас ой!

Иса Омарұлы Түркістанда ботаникалық бақ ашу керек екендігін жете түсініп, ретінде Өкілетті Кеңес төрағасы Н.К.Зейбек алдына тартты. Обалы не, ол да қарсы болмады. Бірақ, жақсы ой, жарқын идеяны жүзеге қалай асыру керек?

Түркістанда ботаникалық бақ ашу үшін алдымен жанын аямбас-жансебіл адам, жақсы маман қажет! Алматыдағы Қазақтың егіншілік ғылыми-зерттеу институтының лаборатория бөлім меңгерушісі Құлахмет Байжігітовке қолқа салды. Өзін Иса Байтулин шәкіртімін деп есептейтін ол

ұстаз ұсынысына келісті. 1993 жылы маусым айында Түркістанға біржолата келді.

Биолог ғалым Құлахмет Байжігітов бұл бақтың ғылыми негізде салыну қажеттігін және оның өзіндік белгілі ғылыми жобасы болу керектігін айтады. Бұл мәселені өзі қолға алып, Алматыдағы Казгипрограф (қалалардың бас жобасын жасайтын мекеме) мекемесінің бас инженері Татьяна Жүрсінғалиқызымен бірігіп жобаны дайындауға кірісті. Иса Омарұлы Байтулин бұған дейін Ұлттық Ғылым академиясының бағын жасаған, ел аралап, жер көрген тәжірибелі адам, айтулы ғұлама. Міне, сол ұстаз басшылық жасады. 1994 жылы ботаникалық бақтың жобасы дайын болады. Ол Ұлттық Ғылым Академиясы қарамағындағы Қазақстанның бас ботаникалық бағының ғылыми кеңесінде қаралып, бекітілді.

“-Жалпы ботаникалық бақ оңтүстік Америка, солтүстік Америка, Сібір, Орталық Азия дегендей бірнеше зоналарға бөлінсе, бұл ботаникалық бақ олай емес, өзгеше ерекшелікке құрылды- дейді Құлахмет Байжігітов, -

Ботаникалық бақ үш бөлімнен тұрады: дендрари секторы, қандай декоративті ағаштар өседі, қандай жеміс ағаштарының питомниктері бар екенін эксперимент бөлімі қарайды.

Қазақстанда бес топырақ климат зонасы бар. Осы климат зоналары осы ботаникалық баққа салынуы қажет. Ботаникалық бақтың аумағы 104 гектар жерді алып жатыр. Бақта 28 питомниктің түрі бар”.

Түркістан қаласы шаруашылық аймақ болғандықтан, жеміс ағаштарының бірнеше түрі бар. Өзбек ағайындар көршілес Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстанның барлық аймақтарында өсетін жеміс ағаштарының түрлерін (алманың, өріктің т.б) Түркістанға әкеліп өсірген. Оларды зерттеп, бірнеше питомниктерін осы ботаникалық баққа әкеп отырғызды. Қосқорған мекенінде тұратын бір кісінің үйінде шабдалының 12 сорты бар екен. Оның бірінші сорты мамыр айының аяғында піседі. Онан кейінгілері әрбір он күн сайын пісіп, қазан айының 15-не дейін барады. Шабдалы ешқандай сақталмайтын жеміс. Оның көп уақытқа дейін базарларда сатылуы осыған байланысты. Туа бітті бағбанға барып қолқа салуға тура келді. Құлахмет бағбан кісілігін сақтап кішірейіп барды.

Түркістан, Кентау өңірлерінде сары өріктің 28 сортын кездестіресіз. Алманың да бірнеше сорттары бар. Осылардың барлығын зерттеп, ботаникалық баққа байырқаландыруға Байжігітов барын салды. Одан басқа жидектердің де бірнеше түрлерін жинаған. Айтулы өңірді алып жатқан бақ осындай жансебілдікке бітті.

Бүгінгі таңда ботаникалық бақта декоративті сәндік ағаштар мен жеміс ағаштарының 127 тұқымы бар. Олар 59 атаға, 28 әулетке жатады. Бұл ағаштардың барлығы ғылыми негізде егілген. Ал ол ғылымның теориясын жасаған Иса Омарұлы Байтулин. Ол қандай теория?

“- Түркістан өңірі жаз айларында өте ыстық болады. +45° кейде +50°-қа дейін көтеріледі, ал қыста -20°, қара суықтың есебінен кейде -30° қа дейін төмендейді. Осындай ауа райының жағдайына төзетін декоративті ағаштар

мен жеміс ағаштарының тізімін жасайды. Ондай ағаштар қайда өседі? Мысалы, бір декоративті ағаштың түрі Өзбекстанда өссе, сол ағаш Жезқазғанда да өседі. Яғни бұл ағашты бізде өсіруге болады, суыққа да, ыстыққа да төзімді ағаш. Ботаникалық бақтағы ағаштың 127 тұқымы болса, оның 98-і декоративті ағаш, соның 80 түрі бұрын Түркістанда өспейтін. Енді қалыптастырып, оларды халыққа ұсынып отырмыз” – дейді бағбан Байжігітов!

Университет ботаникалық бағында дендрари, розари, сиренгарилер бар. Бақта роза гүлінің бүгінгі күні 15 түрі өседі. Бұл басқа ботаникалық бақтарда жоқ. Сиреннің оннан аса түрі өседі. Сондай-ақ, ақ қайың да бар. Негізі ақ қайыңның жүзден аса сорты бар. Оның біздегісі бір ғана түрі. Ботаникалық бақта жеміс ағаштарының 30-дан аса сорты жиналған. Оны үшке бөлуге болады: қортық түрі (карликовый формасы), жартылай қортық, яки орта бойлы түрі (полукарлик формасы) және сұңғақ бойшаң түрі (высокорос формасы). Түркістан желді өңір. Байжігітов зерттей келе, біздің климаттық жағдайға қортық алма түрінің қолайлы екенін, жатаған ағаш желге ұрынбай көп жеміс беретінін анықтады.

Ағашты егудің өзінің технологиясы болары хақ. Мәселен, ағаш биік болған сайын жел шайқап жемістері піспей төгіліп қалады. Сондықтан қортық алма ыңғайлы. Бірақ Түркістандағы көп бағбандар биік ағаштар отырғызады. Оның араларын сирек қылады да арасына тұрмысқа қажетті түрлі көкөніс егеді. Бұл – жерді ұтымды пайдалану ниетінен туған жайт. Аз жерден тиімді түрде көп өнім алу шарасы!

Ботаникалық бақтың қоныс тепкен жерінен бұған дейін тұрғындар өнім ала алмаған. Себебі, топырақтың механикалық құрамы сазды сары топырақ. Су болмаса қатып қалады, су болса, еріп кетеді. Ол топырақтың қалыңдығы бір метр ғана! Әрі қарай тас. Өйткені бұл жер Қаратаудың аяқталар етегі. Бұл топырақтың құнарлылық бонусы 1% пайыз. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, Сайрамда 3,5% пайыз, Солтүстік Қазақстанда 8-10% пайыз. Осыдан Түркістан топырағы құнары қаншалықты жүдеу, жұтаң екенін көруге болады. Сондықтан бұл жердегі өнімнің 70% пайызы тыңайтқышқа байланысты. Қолдан жемдеп тыңайтып отырмасаң өнім бермейді.

Бұл – кәнігі бағбан Байжігітовтің түйгені!

Құлахмет Байжігітовпен әңгіме-дүкен құрып отырмыз. Ертеректе Отырар музейін жасақтау жолында жанын пида етуге бар фидайы жан – Асантай Әлімовпен сұхбаттасқан жайымыз бар. Одан кейінгі кездестірген “қияли”-ғұлама – Құлекең. Түркістан қаласын, жалпы Түркістан өлкесін көгалдандыру мықтап қолға алынбаса – қуаңшылық жәдігер қаланың ажарын алып, базарын тарқатады. Жылдан жылға қоныс аударып, көшіп келушілер көбейіп, жергілікті тұрғындар саны артып келе жатқан қала климаты қалыпқа келіп жасаң тартпаса, экологиялық жадап-жүдеушілікке түсіп тұрмысқа қолайсыздана берері хақ! Тартылған Арал теңізі тұзының ұшып жетуі, жердің тұздануы, Қаратау су бұлақ көздерінің тартылып, жердің қуаң тартуы – Түркістан аймағын жұмақ өңірден жұтаң өңірге айналдырып барады. Оның үстіне Кентау кен өндіру комбинатының жерасты суларын ластауы,

қалдықтарының ауамен ұшып келуі – адам денсаулығын бұзады. Қазіргі таңда Түркістан уранды аймақ. Айнала уран өндіріс орындарының ашылуы – Түркістандай тарихи аймақты қасіретті аймаққа айналдыра түсері тағы бар.

Демек, көне Түркістан климатын қалпына келтіру, өзін тарихи-туристік кешенді орталыққа айналдырып, өркендету оңай шаруа емес. Алдымен – Түркістан климатын қалыпқа келтіру жөн. Ол үшін Түркістанды көгалдандыру керек! Түркістан көгалданса – абаттанады. Міне, осындай мақсатпен биыл ботаникалық бақтан 100 мыңнан аса көшет дайындалды қала үшін.

Әрине, қалаға көшет берудейін беріп-ақ жатырмыз. Бірақ, Елбасының “Жасыл ел” бағдарламасын бетке алып, көшелерге біз ұсынған көшеттерді шықсыз суға салып, “іс бітті, қу кетті” дегендей сырғаңсып сырттап кету – олардың өліп тынуына әкеліп отыр. Оны қадағалап жатқан әкімшілік жоқ.

Біздің ботаникалық бақта теректің оннан аса түрі бар. Олардың өзіндік ерекшеліктері мол. Солардың ішінде “калифорния терегі” аталатын тегі бар. Оны тек қаңтар айында ғана дайындау қажет.

Осы бақтың басшысы Құлахмет Байжігітов 1996 жылы осы калифорния терегінің 30 мың қаламшасын дайындап, Қазыбек би көшесіне барар жолдың жиегіндегі 3 шақырым жерге үш қатардан 9 шақырым жерге отырғызған. Қалашықтың сыртына желден қорғау үшін тағы да 28 қатар терек отырғызды. Бірақ қазба құдықтарының суы жетіспей, судың тапшылығынан көбі қурап қалады. Қ.Байжігітов «Ботаникалық бақ ғылыми өндірістік мекеме болғандықтан, оған кез-келген адам басшылық жасауға болмайды, онда қарапайым жұмыс істейтін адамның өзі маман болу қажет және ол жүрегімен істеу керек, жалпы агрономдардың да қолынан келмейтін іс. Ағаш ексе болды өсе беретін нәрсе емес» деп құдайдың зарын қылады.

Түркістандағы қара ағашты Иқанға дейін, Кентауға дейін Садыл Ахмет деген кісі екен. Соның арқасында көгеріп, көбейген. Түркістанда ағаш өсіру деген оның ішінде қылқан жапырақты ағашты өсіру өте қиын іс. «Шымшық сойса да қасап сойсын» деген сөз осыдан қалса керек.

Құлекең алдымен 100 га жерге бау екен практик. Бірақ, бақ алғашқы жобадан бастап ғылыми негізде өрістеді. Практика теорияға жетеледі. Ол – докторлық диссертацияға отырды.

Ботаникалық бақтың материалынан Қ.Байжігітов диссертациясын Ресейдің, Сібірдің ғалымдары жоғары бағалады.

Ботаникалық бақты алғаш медицина мамандары жасаған. Олар дәрілік өсімдіктер жинаған. Біздің ботаникалық бақта дәрілік өсімдіктен облепиха бар. Боярка секілді декоративті дәрілік ағаштар да бар. Оның екі сортының 60-тан аса ағашы өсіп тұр. Оның жемісі жүрекке, қан қысымына өте пайдалы.

Түркістанға келген әрбір адам (туристер, қонақтар) бір тал егіп кетсе екен деген мақсатпен «Достық аллеясы» салынды. Ұзындығы 700 метр. Әрбір студент университет қабырғасын аттағанда бір ағаш егу керек, өзі бітіргенше қарап, келесі студентке дайындап кетсе, біз көп ұзамай жасыл Түркістанға айналамыз. Осыны университетте бәріміз қолға алуға тиіспіз.

Түркістанда осындай бақ жасап, бақытқа кенелген ғалым Байжігіт Құлахметовпен әредік-әредік әңгіме-дүкен құрысамыз. Ұдайы әңгімелеуге ол кісінде уақыт бола бермейді. Құлекен Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті жанынан құрылып, тұтас Түркістан бағына айналып келе жатқан бақ жайында, оның баянды болашағы хақында толғанады.

Мұндай университет жанынан ашылған ботаникалық бақ Қазақстанның бірде бір қаласында жоқ. Ботаникалық бақ біздің мақтанышымыз. Алматыда Қазақстанның мемлекеттік ботаникалық бағы бар. Ол – 1934 жылы ашылған. Онда бүкіл институттар жұмыс істейді. Ал басқа елдерде, соның ішінде Ресейдің әрбір университетінің қарамағында кішігірім ботаникалық бақтары бар.

Біз ботаникалық бағымызды сақтап, көлемін кеңейтуіміз керек. Ботаникалық бақ – ашық аспан астындағы музей. Халықтың дем алатын орны болуы керек.

Міне арман!

Арман қартаймайды.

Қазіргі таңда ботаникалық бақтың бизнес жоспары жасалып жатыр. Жыл сайын кемінде декоративті ағаштың 100 мың қаламшасын, жеміс ағаштарының 100 мың қаламшасын дайындайтын болсақ, ботаникалық бақ өзін өзі қаржылай қамтамасыз ететін болар еді. Бірақ оған арнайы топ құру керек. Көшет дайындаудың бірнеше ғылыми әдістері бар. Дендрари ғылымында көшетті ағаштың шыбығынан емес көзінен (глазок) пайдаланады.

Ботаникалық бақтың көлемін кеңейтіп, теплицаға өсімдіктер, гүлдер өсіруге болады.

Түркістан өңірі итсигек секілді техникалық өсімдіктерге бай. Осыларды зерттеп, пайдаланатын болсақ, экологиялық таза өнім алуымызға болады. Өсімдіктердің зиянкестеріне пайдаланатын химикаттар өсімдікке өте зиян.

Алда не істеу керек? Ботаникалық бақты ғылыми өндірістік орталыққа айналдыру керек, көшет өндіру, тағы да тың түрлер табу керек.

Міне, Алматыдағы салқын үй, салулы төсегін тастап, Түркістанға келген жансебіл ботаник ғалымның арманы!

Жасырар несі бар, кеше ғана министрлікке Елбасы көзі – “жауапты хатшы” болып қызмет ауыстырып кеткен Серік Пірәлиев екеуміз екі жақтап “Сенатта қарап, осы ботаникалық баққа негізін салушы ретінде Сіздің атыңызды берейік” дедік. Құлахмет оқымысты шыр-пыры шығып қарсы болды. “Түркістан бағы” атасақ жетеді дейді ол.

Түркістан бағы...

Апыр-ау, ол да жөн.

Бағзыдағы “Жиһан бақ”, күні кешегі “прихватизацияға” ұшыраған “Түркістан бағы” өтеуіне жүрсе-жүріп те қалар-ау – біздің бақ!

Бақты айтамыз-ау, қала халқы бір мезгіл ауа жұтып, ссейілдер, сейілдер де перзенттік пейілдерге кенелер. Түркістандағы парк те жекешеленіп, есебін тауып, екі асайтындардың қолында кетті. Қала паркі ішінен кезінде орайына қарай арнайы жүйемен жоспарлана салынған “Спорт

сауықтыру кешені” де басқа сипатты мекемеге айналып кетті. Кезінде аяқталған ғимаратқа орынсыз жұмсалған қаражатты айтпағанның өзінде Паркті тірілту үшін жасалған ғимарат пәніне орай жасақталу орнына өзге мекемеге айналып кетуі көңіл көншітпейді.

Түбі бір, туысқан Түркияда болғанда көрдік. Қалаларда босаған аядай жер болса Ататүрік атындағы қор немесе Ататүрік атындағы “Түрік тарих, тіл қоғамы” ол жерді сатып алып, Ататүрік атындағы парк, саябақ жасап, ұлттық байлыққа, халық демалатын орынға айналдырады екен. Біз неге осы дәстүрге ден қоймаймыз? Түркістандағы қала паркін мемлекет қарауына қайта алып Елбасы Н.Ә.Назарбаев атындағы парк жасауға тиістіміз. Бұл – кейбір келте ойлаушылар тілге тиек етердей Елбасына жағыну емес, халық байлығын халыққа қайтару, ортақ пайдаланар орынға айналдыру! Бұл – бүгінгі өмірге келшектің көзімен қарау! (Ал, әлгі ғимаратқа орынсыз жұмсалған қаржы – дербес әңгіме еншісі! Онымен Елбасы жолдауына орай Сыбайлас жемқорлықпен күресуші органдар айналыса бастаса тіпті игі).

Иә, Түркістанда біреу бақ жасайды. Біреу, жең үшін жалғасып бар бақты құртады. Шерхан аға Мұртазаша айтқанда “Бір кем дүние!”

“Түркістан бағы” көзге қуаныш, көңілге жұбаныш! Сен жойымпаз адамның назарында емес, жасампаз адамның жанарында бол “Түркістан бағы”!

Түркістандай империялық қысымнан азат жәдігер қаланы абаттандыруға себепші бол!

Түркістан
4.03.2008

**Ұлы ұстаз, ғалым Бейсембай Кенжебайұлы және
басқалар туралы жазбалар.**

Біреуге қарғыс таңба басылғанда,
Біреудің даңқы кетер ғасырларға
Сағди

Бәрі де кездейсоқ басталды.

Неге екені, орта мектепті бітірген соң Қаз МУ-дің философия факультетіне түсіп оқуға аңсарым ауды. Бірсыпыра уақыт философиялық оқулықтармен әуестеніп жүрдім. Бірақ, есітіп білуімше, философия факультетіне астананың жоғары астаудан жем жеген дөкейлерінің ғана баласы түсетін көрінеді. Әрі сабақ бірыңғай орыс тілінде жүрмек. Шарасыздан аталмыш оқу орнының филология – тіл және әдебиет факультетіне түстім. Мақсаттың басқа мамандыққа бұрылып кетпей, ұлт тілі мен әдебиетіне ойысқанына бүгін бір түйір де өкінбен.

Университет қабырғасында біздің курс (1970 жылғы студенттер) бірінші лекцияны профессор Бейсембай Кенжебайұлынан тыңдады. Ол сәтте менің бүкіл тағдырым диірмен тасын бастырсаң жығылмастай қажырлы, қайратты шашын жұқа қырықтырған ақсары адаммен сабақтасарын сірә да біле қойған жоқпын. Алайда ақсақалдың алғашқы сөзі әлі көкейімде. Бір сәт те де есімнен шығып көрген емес.

Түкірініп сөйлер пұшық қара, сүзіле қарайтын көзілдірікті декан 1970 жылы филология факультетіне оқуға түскен студенттердің тізімін оқып шықты да:

- Алғашқы лекцияны қазақтың үлкен ғалымы, профессор Бейсембай Кенжебаевтан тыңдайсыздар – деді.

Ақсары адам ақырын әңгіме сабақтады. Алдымен оқуға түскенімізбен құттықтады. Амандық-саулығымызды соншалық жылы сұрап шықты.

- Әрине, оқуға түсу оңай емес. Бірінді ағаларың, бірінді көкелерің демеген шығар. Ең болмаса сол кісілерді ұятқа қалдырмай жақсы оқындар, оқудың қадірін біліңдер, сендер онның бірі болып түстіңдер ғой – деді.

Декан әрі сасқалақтады, әрі ашуланды.

- Бейсеке, айттық қой, биыл былық-шылық араласқан жоқ деп. Сізге не болған, Сізге не болған? – дей берді.

- Е, онда тіпті жақсы. Мен сүйеумен түскендер болса дандайсымасын деп айтып жатқаным ғой – деп ақсары ақсақал дәрісін әрі қарай жалғай берді.

Профессор көңілінде өмірі өтірік айтып көрмеген періште, айтса сөзінен қайтып көрмеген қайсар адамның кескіні жатты.

Біз – сарыуыз балапандар – сол жолы декан сөзін іштей қолдап, міз бақпай отырған едік. Бір курстағы елу баланың бәрінің бірдей өз күшімен түскеніне имандай сенген бейілде отырдық. Сол аудиторияда отырған елу баланың бірінің қалмай, бәрінің жетекпен түскенін бес жылдан кейін бір-ақ білдік қой...

Қарт профессор бір сағат шамасы қазақ халқының тарихы, тілі, әдебиеті жайында бірсыпыра әңгіме айтты. Әңгімені баяу айтатын тым сабырлы кісі көрінді.

Оқу басталып кетті. Қазіргі студенттерге қарағанда ол кезде сабақтың қадірі бар еді. Бейсембай Кенжебайұлы, Темірғали Нұртазин, Мәлік Ғабдуллин, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев, Сұлтанғали Садырбаев, Рымғали Нұрғалиев т.б. кісілерді тыңдау қызықты. Жастар да ынталы, жастар үшін ұстаздар да ынталы көрінетін.

Студенттердің ғылыми қоғамы мәжіліс өткізу – дәстүр. Жоғары курстың қыз-жігіттері белгілі бір тақырыпта баяндама жасайды. Төменгі курстың студенттері тыңдайды. Алдағы апаларымыздың бірі осындай мәжілістің отырысында “І.Жансүгіров - әдебиет сыншысы” деген тақырыпта баяндама жасап тұр. Сөзге кенде кісі көрінбейді. Көсіліп сөйлеп тұр. Бір орайда “Абайдан кейінгі әдебиет сыншысы деп Жансүгіровті танимын” – деп салды. Шамасы, осы сөз маған ерсі көрінді. Ішке түйіп қойдым. Екінші қыз бала «Ғаббас Тоғжанов - әдебиет сыншысы»-деген тақырыпта баяндама жасады. Ұмытпасам, аты –жөні - Жұпар Қожақова! Жап-жақсы баяндама. Ғаббас Тоғжанов бұрын-соңды естімеген есім. Ақыр-соңы «Абайдан кейінгі әдебиет сыншысы – Ғаббас Тоғжанов деп білемін»-деген түйінге келді. Апыр-ай сыншы болса Абайдан кейінгі орынды иемдену міндет пе екен? Екеуі бірдей бір түйінге келгені несі екен? Неше түрлі сұрақ қаумалады.

Талқылау басталып кетті. Бірінші курстың “боқмұрыны” орнымнан тұрып “пікірімді” айттым. “Жансүгіров алдымен – ақын, сыншылығы – сосын. Оның өзін Абайдан кейінгі орынға апарып отырғыза салған қалай болады?” «Ғаббас Тоғжанов – бұрын естімеген адамымыз. Жақсы сыншы көрінеді. Бірақ, ол да Абайдан кейінгі орыннан үміткер...» – деген ыңғайда шықты сөзім. Әркім-әркім сөйлеп, пікір айтып жатты. Студенттердің баяндамаларын тыңдап кірпі шаш ақсары қария - “Қазақ әдебиеті” кафедрасының меңгерушісі отыр.

Пікір сарқыла келе, ол орнынан көтерілді. Студенттерді талаптандыратын, қанаттандыратын бірсыпыра ақыл-кеңес айта келіп, кафедра меңгерушісі Бейсембай Кенжебайұлы менің атымды атап, пікірімді ілтипатқа алды. Мәжіліс бітті. Жөн-жөнімізге тарап жөнөдік. Дырдай профессор, кафедра меңгерушісі атымды атаған менің бөркім қазандай...

Бірсыпыра уақыт өткен. Жазға салым. Көп нәрсе орнына түскен. Көп жай ұмытқа айналған. Аудиторияға екінші курс студенті, әнші Құныпия Алпысбаев танаурап кіріп келеді. Келді де мені шап беріп білегімнен ұстай алды:

- Сені профессор Бейсембай Кенжебайұлы шақырады.
- Кім?

- Профессор Бейсембай Кенжебайұлы. Кафедрасында күтіп отыр. -
Енді түсіндің бе? – дегендей Құныпия нығырлай қайталады.